

АЛМАТЫ ҚАЛАСЫНЫҢ 9-11 СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫ МЕН КОЛЛЕДЖ СТУДЕНТТЕРІ АРАСЫНДАҒЫ ОЛИМПИАДА

Экономика және менеджменттің жоғары мектебі «Туран» университеті және Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің департаменті бірлесіп, Алматы қаласындағы 9-11 сынып оқушылары мен колледж студенттері арасында «Әлеуметтік кәсіпкерліктің заманауи үрдістері» тақырыбында олимпиада өткізетінін хабарлайды.

Әлеуметтік жастар кәсіпкерлігі бойынша олимпиаданың мақсаты – мемлекеттің және жергілікті қауымдастықтардың мүдделерін ескере отырып, әлеуметтік және экономикалық мәселелерді шешуге бағытталған кәсіпкерлік дағдыларды жастар арасында дамытуға ықпал ету.

Олимпиаданың міндеттері:

1. Жастарды әлеуметтік кәсіпкерлікке тарту және кәсіпкерлік құзыреттерін дамыту.
2. Әлеуметтік маңызы бар жобаларды жүзеге асыруға дайын талантты жастарды анықтау және қолдау.
3. Жастар бастамалары арасында идеялар мен тәжірибе алмасу алаңын құру.
4. Сын тұрғысынан ойлау, топта жұмыс істеу және күрделі әлеуметтік мәселелерді шешу дағдыларын дамыту.
5. Әлеуметтік жобаларға инновациялық технологиялар мен тұрақты тәжірибелерді енгізуді ынталандыру.
6. Жастардың әлеуметтік кәсіпкерліктің маңыздылығы және оның жаһандық мәселелерді шешудегі рөлі туралы хабардарлығын арттыру.

ҚАТЫСУ ЕРЕЖЕЛЕРІ

Команда 2-3 қатысушыдан тұруы тиіс.

Олимпиада мемлекеттік (қазақ), орыс және ағылшын тілдерінде өтеді.

Жеңімпаз деп барлық қатысушы командалардың ішінен ең жоғары ұпай жинаған команда танылады.

Қорытынды шығару кезінде «Туран» университетінің ұйымдастыру комитеті командалық есеп бойынша әр орынның жеңімпаздарын анықтайды.

Олимпиадаға қатысу үшін **08 ақпан 2025 жыл (қоса алғанда)** дейін мына сілтеме арқылы өтінім толтыру қажет: <https://forms.gle/TJMf9JMECmLy6RaH6>.

15 ақпан 2025 жыл (қоса алғанда) дейін әр команда өз эссесі мен жобасын электронды поштаға жіберуі тиіс: m.nurmagambetova@turanaedu.kz.

Олимпиаданы тексеру **17 ақпан 2025 жылы** аяқталады, осы күні жеңімпаздар жарияланып, қатысушылар мен жеңімпаздарға сертификаттар мен дипломдар электронды түрде жіберіледі..

Сертификаттар мен дипломдар олимпиаданың қорытындылары жарияланған күннен бастап екі апта ішінде жіберіледі.

ОЛИМПИАДА ҚҰРЫЛЫМЫ

Олимпиада екі бөлімнен тұрады.

I кезең – «Мемлекеттің жастар кәсіпкерлігін дамытудағы рөлі» тақырыбында **эссе жазу**. (Қосымша 1)

II кезең – «Әлеуметтік кәсіпкерліктің заманауи үрдістері» тақырыбында **жоба әзірлеу**. (Қосымша 1)

ҚОРЫТЫНДЫ ШЫҒАРУ

Олимпиада нәтижелері бойынша 1, 2 және 3 орын иегерлері анықталады. Ең ерекше әрі креативті жұмыстар арнайы дипломдармен марапатталады. Нәтижелер «Туран» университетінде жарияланады.

ОЛИМПИАДАҒА ҚАТЫСУ ШАРТТАРЫ:

БАЙЛАНЫС:

Барлық сұрақтар бойынша m.nurmagambetova@turana-edu.kz электрондық поштасына хабарласуға болады.

Шұғыл мәселелер бойынша байланыс телефоны: +7 727 260 40 00 – «Туран» университетінің Экономика және менеджмент жоғары мектебі.

Қосымша 1

ЭССЕГЕ ҚОЙЫЛАТЫН ТАЛАПТАР

МАЗМҰНЫ МЕН РӘСІМДЕУІ:

Эссе келесі бөлімдерден тұрады:

- титул парағы;
- эссе мәтіні.

Титулдық бетте келесі мәліметтер көрсетіледі:

- оқу орнының толық атауы;
- автордың аты-жөні, мамандығы, курсы/сыныбы;
- жетекшісінің аты-жөні, ғылыми дәрежесі мен қызметі;
- ел мен қала (қатысушылар тұратын жер), жазылған күні.

Эссе мәтіні (көлемі 1 беттен аспауы керек):

– эссе тақырыбының атауы (тақырып атауы бас әріппен, жартылай қалың қаріппен теріліп, беттің ортасына орналастырылады. Бір жол тастап, абзацпен эссе мәтіні жазылады);

– эссенің көлемі - 2500 сөзден аспауы керек (1 бет), қаріп түрі Times New Roman, өлшемі 14, барлық жағынан өрістер 2 см, жоларалық интервал – бірлік, абзацтық шегініс – 1 см, мәтінді ені бойынша теңестіру.

Қосымша 2

«Әлеуметтік кәсіпкерліктің заманауи үрдістері» тақырыбындағы жоба

Жоба келесі бөлімдерден тұрады:

- титулдық бет;
- мазмұн;
- аннотация;
- жобаның өзектілігі;
- жобаның мақсаты мен міндеттері;

- жобаның сипаттамасы (негізгі бөлім);
- күтілетін нәтижелер.

Титулдық бетте көрсетілуі тиіс:

- инновациялық жобаның атауы;
- авторлардың тегі, аты, мамандығы, курсы;
- жетекшінің тегі, аты, әкесінің аты, лауазымы, ғылыми дәрежесі;

Аннотация келесі тармақтарды қамтиды (көлемі 1 беттен аспауы тиіс):

- инновациялық жобаның атауы;
- орындаушылар (жоба командасы);
- өзектілігі;
- инновациялық жобаның мақсаты мен міндеттері;
- жаңашылдығының деңгейі;
- жобаны іске асырудан күтілетін нәтижелер.

Қаріп – Times New Roman, кегль – 14, барлық жағынан жиектер – 2 см, жоларалық интервал – бірлік, абзацтық шегініс – 1 см, мәтінді теңестіру – ені бойынша, **көлемі – 10 беттен аспауы тиіс.**